

Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 4-5/612 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 қыркүйекте № 12039 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № 44 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 16.02.2021 № 44 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 4 тамыз

А. Мамытбеков

Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мақта саласын дамыту туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2015 № 4-6/954 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры – мақта өңдеу ұйымдарының өздері берген мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерін орындамауынан мақта қолхаттарын ұстаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) мақта қолхатын ұстаушы – мақта өңдеу ұйымына шитті мақтаны сақтауға және (немесе) бастапқы өңдеуге; мақта талшығын және мақта тұқымын сақтауға берген мақта иесі; мақта қолхатында индоссамент жасалған жағдайларда – индоссат;

3) мақта өңдеу ұйымы – меншік құқығында мақта тазалау зауыты бар, мақта қолхаттарын беру арқылы шитті мақтаны бастапқы өңдеу және қойма қызметі бойынша қызметтер көрсететін заңды тұлға;

4) мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару (бұдан әрі – уақытша басқару) – мақта өңдеу ұйымының мақта қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілетін қалпына келтіруге бағытталған әкімшілік, заңдылық, қаржылық, ұйымдастыру-техникалық және басқа іс-шаралар мен рәсімдер кешенін мәжбүрлеп жүргізу;

5) мақта саласын дамыту жүйесіндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын, мақта саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) уақытша әкімшілік – мақта қолхаттарын ұстаушылардың, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің, облыстың, республикалық

маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының (бұдан әрі – ЖАО), мақта өңдеу ұйымының, мақта өңдеу ұйымы қатысу шартын жасасқан мақта қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қорының өкілдерін қамтитын, уақытша басқарудың қолданылуы кезеңінде мақта өңдеу ұйымын басқаруды жүзеге асыратын алқалық орган;

7) уақытша басқару жөніндегі комиссия – ЖАО қалыптастыратын, уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің, ЖАО-ның өкілдерін қамтитын, уақытша әкімшіліктің қызметін бақылауды жүзеге асыратын алқалық орган.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2015 № 4-6/954 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Уақытша басқаруды уақытша басқару жөніндегі комиссия мен уақытша әкімшілік мақта өңдеу ұйымының қаражаты есебінен жүзеге асырады.

4. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мерзімі алты айдан аспайды.

2. Уақытша басқаруды жүргізу тәртібі

1-параграф. Уақытша басқаруды жүргізудің негіздері мен шарттары

5. Уақытша басқаруды енгізу туралы шешім қабылдау үшін мына негіздердің кем дегенде біреуінің болуы жеткілікті:

1) Заңның 24-бабында көзделген тәртіппен мақта қолхатын ұстаушының алғашқы талабы бойынша мақта беруден бас тартудан көрінген шитті мақтаны мақта талшығына бастапқы өңдеу жөніндегі шарттық міндеттемелердің жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік алты ай ішінде екі және одан да көп рет) тиісінше орындалмауы;

2) мақта қолхаттарымен қамтамасыз етілген мақта мөлшерінің сақтаудағы мақтаның нақты мөлшерінен артық болуы фактісінің анықталуы.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 28.10.2015 № 4-6/954 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген негіздер бойынша уақытша басқаруды енгізудің шарты мақта өңдеу ұйымының қызметін инспекциялау (тексеру) нәтижесінде жасалатын анықталған бұзушылықтар туралы акті болып табылады.

ЖАО-ның мақта өңдеу ұйымының қызметін инспекциялауды (тексеруді) жүргізуі үшін мыналар негіз болып табылады:

1) тексерулер жүргізу кестесі;

2) мақта қолхаттарын ұстаушылардың мақта беруден бас тартудың екі және одан да көп фактілері бойынша ресми өтініштері (шағымдары).

2-параграф. Уақытша басқаруды жүргізу

7. ЖАО уақытша басқаруды енгізу үшін негіз болатын фактілер анықталған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде:

1) мақта өңдеу ұйымын уақытша басқаруды енгізу туралы сотқа өтініш береді ;

2) мақта өңдеу ұйымына, мақта өңдеу ұйымы қатысу шартын жасасқан мақта қолхаттары бойынша міндеттемелерді орындауға кепілдік беру қорына (қорларына) және аталған мақта өңдеу ұйымы берген мақта қолхаттарын ұстаушылардың бәріне үш жұмыс күні ішінде уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына кандидатуралар беру туралы ұсыныс жібереді.

8. Уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша басқаруды енгізу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) уақытша басқару жөніндегі комиссия төрағасының кандидатурасын анықтайды және оны ЖАО-ға бекітуге жолдайды;

2) мақта өңдеу ұйымына қызмет көрсететін банктің атына мақта өңдеу ұйымының шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы жазбаша хабарлама жібереді.

9. ЖАО уақытша басқаруды енгізу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде республикалық мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде:

1) уақытша басқаруды енгізу туралы;

2) мақта қолхаттарын ұстаушылардың мақта қолхаттарын ұстаушылардың жиналысына қатысу құқығы туралы жариялайды.

10. Уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша басқаруды енгізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде уақытша әкімшілік құрамына өкілдер сайлау үшін мақта қолхаттарын ұстаушылардың жиналысын өткізуді ұйымдастырады және уақытша әкімшіліктің құрамын бекітеді.

Бұл ретте уақытша әкімшіліктің құрамына сайлануға осы мақта өңдеу ұйымының мақта тазалау зауытында (мақта қабылдау пунктінде) сақтаулы мақтаның ең көп мөлшері бар мақта қолхаттарын ұстаушылардың артықшылықты құқығы болады.

11. Мақта өңдеу ұйымының басшы қызметкерлері уақытша әкімшілікке қабылдау-беру актісі бойынша мақта өңдеу ұйымының мөрлерін, мөртабандарын , бланкілерін, құндылықтарын, үй-жайларының, сейфтерінің кілттерін және барлық қажетті құжаттарын тапсырады.

12. Уақытша әкімшілік бірінші кезектегі тәртіппен:

- 1) мақта өңдеу ұйымының қаржылық жай-күйіне талдау жүргізеді;
- 2) мақта өңдеу ұйымының мүлкін және оның міндеттемелерін түгендеуді, сондай-ақ, осы мақта өңдеу ұйымының мақта тазалау зауытында (мақта қабылдау пунктінде) сақталатын мақтаны түгендеуді жүргізеді;
- 3) мақта қолхаттарын ұстаушылар алдындағы берешегін қоса алғанда, мақта өңдеу ұйымының кредиторлық берешегін айқындайды;
- 4) сотқа талап-арыздар дайындау мен ұсынуды қоса алғанда, мерзімі өткен дебиторлық берешекті өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 5) мақта өңдеу ұйымының басқару құрылымын және штат санын айқындайды ;
- 6) мақта қолхаттарына қол қоюға уәкілетті адамдардың тегі, аты және әкесінің аты (олар бар болса) бар карточканы, олардың қолдарының үлгілерін ЖАО-ға ұсынады;
- 7) уақытша басқару жөніндегі комиссияға мақта өңдеу ұйымының нақты жай-күйі туралы ақпарат береді және осы мақта өңдеу ұйымының шаруашылық қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

13. Уақытша әкімшіліктің мүлікті кепілге беруді, мүліктік жалдауды қоса алғанда, мақта өңдеу ұйымының мүлкін иеліктен шығару жөнінде шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

14. Уақытша басқару жөніндегі комиссия уақытша әкімшіліктің қызмет нәтижелері туралы есебін бекітеді және уақытша әкімшіліктің қызметін бақылауды жүзеге асырады.

15. Уақытша басқару жөніндегі комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ болуы және жеті адамнан кем болмауы тиіс.

16. Уақытша басқару жөніндегі комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

17. Уақытша басқару жөніндегі комиссияның шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады, хаттамамен ресімделеді, оған уақытша басқару жөніндегі комиссияның төрағасы, мүшелері, хатшысы қол қояды және уақытша әкімшіліктің орындауы үшін міндетті болып табылады.

3-параграф. Уақытша басқарудың тоқталуы

18. Мақта өңдеу ұйымын уақытша басқару мынадай негіздер бойынша тоқтатылады:

- 1) соттың шешімімен белгіленген уақытша басқару мерзімінің аяқталуы;
- 2) соттың уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы.

19. Уақытша басқару:

1) мақта өңдеу ұйымының берілген мақта қолхаттары бойынша өз міндеттемелерін орындау қабілеттілігін қалпына келтірген жағдайда;

2) басқа да мақта қолхаттарын ұстаушылардың талаптарын тиісінше орындауға ықпал ететін жағдайлардың болмауы шартымен уақытша басқару кезеңінде мақта қолхаттарын ұстаушылардың барлық мәлім етілген талаптарын толық көлемде қанағаттандырған жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

20. Уақытша әкімшіліктің уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау үшін негіздердің болуы туралы актісінің негізінде қабылданатын уақытша басқару жөніндегі комиссияның ұсынысы соттың уақытша басқаруды мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

21. Уақытша басқаруды енгізуге әкелген себептердің жойылуына байланысты оны тоқтату (оның ішінде мерзімнен бұрын) осы мақта өңдеу ұйымына қатысты барлық шектеулерді жоюға әкеп соғады.